



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

Осы ретте мемлекет басшысы басқа да интеграциялық бірлестіктердің тәжірбиесін зерделеу маңызды екенін айта келе, бірінші кезекте Еуропалық Одаққа назар аударды. «Мұндағы басты мәселе – қатысушы мемлекеттердің бірде біреуі деиндустрияландыру үдерісіне ұшырамауы, ұлттық экономиканың дәстүрлі салаларында, өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында құлдаранды болдырмау. Еуропалық экономика рецессиясының сабақтарыда осында жатыр. Ал әлемдік тәжірбиенің өзі интеграция дегенге- ең алдымен экономиканы дамыту үшін ұзақ мерзімді жағдай жасау үшін халықтың игілігі үшін жаңа мүмкіндіктерді ашуды көрсетіп отыр. Сондықтан Еуразиялық Экономикалық Одақтан біз жаһандық байланыстар желісіндегі ашық экономикалық қаумдастықты көреміз. Еуразиялық Экономикалық Одақ – Еуропа ареалы мен гүлденген Азия арасындағы сенімді көпір», -деген мемлекет басшысының сөзімен тәмамдағым келіп отыр.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың халықаралық саясаттағы аймақтық, жаһандық бастамалары (1991-1999 жж.) // http://history-state.kz/?ELEMENT_ID=820
2. Еуразиялық Экономикалық Одақ // <http://group-global.org/kk/publication/15491-euraziyalyk-ekonomikalyk-odak>
3. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің отырысына қатысты // http://www.akorda.kz/kz/events/international_community/foreign_visits/memleket-basshysy-nursultan-nazarbaev-zhogary-euraziyalyk-ekonomikalyk-kenest-in-otyrys-na-katysty
4. Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес отырысы // http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/zhogary-euraziyalyk-ekonomikalyk-kenes-tyrysty
5. Н.Назарбаев: Еуразиялық экономикалық одақ – Еуропа ареалы мен гүлденген Азия арасындағы сенімді көпір // <http://www.aktobegazeti.kz/?p=26930>.

УДК 372

ЖАС БУЫН ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ КӘСІПКЕРЛІГІН ҚОЛДАУ ҚОЛДАУ

Рүстем Ақбота Марсбекқызы

akbotarustem@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ заң факультетінің 2 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – А.Қалтаева

Кәсіпкерліктің дамуы азаматтарға кәсіби және техникалық білім алуға, жұмысқа орналасуға мүмкіндік беретін тетіктер қарастырылған. Бұл, әсіресе, ауылдық жерлердегі жастар үшін жақсы мүмкіндік. Дұрыс жолға қойылған жағдайда халықты жұмыспен қамтуға да, кәсіпкерлікті дамытуға да жол ашылады. Жалпы, кәсіпкерлік пен бизнес дегеніміз - қоғамның игілігі үшін қызмет ететін, сол арқылы өзі де табысқа кенелетін қоғамның бір категориясы. Ал мемлекет болса бизнес пен қоғамның арасын үйлестіру мен айналысады. Әр тарап өзінің міндетін дұрыс атқарса, бұл барлығы үшін де тиімді. Біреуінің жұмысында кемшілік көп болса, жұмыс мүлде тежеліп қалуы ықтимал, - дейді кәсіпкер Данияр Тұяқбаев.

Оның пайымдауынша, Қазақстан әлі жас мемлекет болғандықтан, бизнес жүргізу, оны мемлекет тарапынан реттеу ісі де әлі де шешімін табуға тиіс мәселелер аз емес. Дамыған мемлекеттердің барлығы мұдай кезеңнен өткен, ұзақ мерзімді жоспар құрған. Кәсіпкер жаңа бағдарламаны теориялық жағынан мінсіз деп санайды. Мұндай ауқымды дүниен жасау үшін көптеген мамандар терең талдау жұмыстарын жүргізгені түсінікті. Егер атқарушы органдар тиімді жолға қоя алса, ол жеміс беруге тиіс.

Жұмыс органдарын көбейту үшін бизнестің белсенділігін күшейтуге жағдай жасау керек. Мәселен, салық төлемдеріне қатысты жеңілдіктер жасалса, бизнесті ынталандыруға

біршама ықпал етер еді. Сонымен қатар, бағдарламаның орындалу барысы да жіті бақылануы тиіс. Атқарушы органдардың кеңестік кезеңдегідей жоспардың асыра орындағаны туралы жалған ақпар беруіне жол берілмеуі керек, -дейді Данияр Тұяқбаев.

Жас кәсіпкерлерді қолдау туралы сұқбат жасап көрсек:

Нәпақасын кәсіпкерліктен тауып жүрген жастарымыздың аяқ алысы қандай?

– Бүгінгі жас кәсіпкерлер өте бастамашыл. Олардың қолға алған ісінен тың идеяларды көріп, қуанамыз. Өзгелермен тәжірибе алмасып, кәсібінода нәрі жалғастыруда үнемі белсенділіктанытады.

Мемлекет экономиканы тұрақтандырудың негізгі бағыты – кәсіпкерлікті дамытуға барынша қолдау көрсетіп отыр. «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасынан бөлек, басқа да салалық бағдарламалар бойынша мемлекеттік қолдаулар жүзеге асуда.

Ел Президенті биылғы Жолдауында кәсіпкерлікті, яғни ұлттық экономиканың жетекші күшін жан-жақты қолдау әрі шағын және орта бизнестің экономикадағы үлесі 2030 жылға қарай, ең аз дегенде, екі есеге арттыруды міндет етті. Отандық кәсіпкерлерді қолдау тетіктерін жетілдіру үшін қажетті барлық шараны қабылдау керектігін де алға тартты. Демек, жалпы кәсіпкерлік саласындағы бастамаларды ынталандырудың жаңа жүйесі жасалатыны анық.

Сондықтан шағын және орта бизнесті дамытуда, инновациялық және әлеуметтік-экономикалық жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асыруда жас кәсіпкерлердің мүмкіндігі мол десек, қателеспейміз. Ел экономикасының қарыштап дамып келе жатқанын ескерсек, өркендеу мен еңбек өнімділігін арттыруда жастар кәсіпкерлігін, оның ішінде инновациялық бағытты дамыту айрықша мәнге ие. Өйткені ортақ мүдде жолында барлық тарап бірігіп қимылдаса, қолда бар мүмкіндікті одан әрі кеңейтуге жол ашылады деп ойлаймын.

– Қауымдастық «Қазақстанның 2020 жылға дейінгі жастар кәсіпкерлігін дамыту» стратегиясын әзірлепті. Құжаттың қоғамдағы орны мен өзектілігі неде?

– Ең алдымен, стратегия жастар арасында кәсіпкерлікті насихаттауды және осы кәсіппен айналысуға ынталандыруды көздейді. Кәсіпкерлік саласындағы бағдарламалар мен заңнамаларды жастар кәсіпкерлігін дамытуға қарай бейімдеу, жастар кәсіпкерлігін дамыту және оған қолайлы жағдайлар жасау – қазіргі өзекті мәселелер. Сондай-ақ жастар кәсіпкерлігі саласындағы күрмеуі қиын мәселелерді анықтап, оларды шешу, оның даму бағыттарын айқындау күн тәртібінде тұр.

Бұл стратегия еліміздің Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы мен Елбасының «Қазақстан – 2050» Жолдауындағы және «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламалық мақаласында атап көрсетілген міндеттемелерге сәйкес келеді.

– Елімізде жастар кәсіпкерлігін дамытуға жаңа бетбұрыс басталған сыңайлы. Енді осы саланы дамытудың жолдары жөнінде не айтуға болады?

– Негізінде, кәсіпкерлік – экономиканы қарқындатудың басты көзі. Ол бар жерде жаңа жұмыс орындары ашылып, елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы түзеледі. Өйтсе де, бұған дейін жастарды осы салаға баулуға, тәрбиелеуге, тартуға деген жүйелі талпыныс болған емес. Жастар тек халықтың әлеуметтік-демографиялық ерекше тобы ретінде ғана қаралды.

Бүгінде заман ағымы өзгерді. Еліміз жүйелі қалыптасу кезеңінен өтіп, дамудың жаңа сатысына аяқ басты. Сондықтан біздің алдымызда әлеуметтік-экономикалық сапалы дамуды жеделдету, әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына қосылу, инновациялық әлеуетті дамыту міндеті тұр.

Жалпы, жастар кәсіпкерлігін мемлекеттік қолдаудың әртүрлі аспектілері бірнеше нормативтік-құқықтық құжаттармен реттеледі. «Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңында жастар саясатындағы негізгі міндеттер мен қағидаттар тізбектелген. Алайда мұнда кәсіпкерлік тақырыбы мүлдем қозғалмайды. Сол кездің өзінде жастарды кәсіпкерлік қызметке тарту – басты бағыттардың бірі ретінде айтылса да, мәселенің мәнісі терең қарастырылмаған. Осы орайда, алдымен заңнаманы жетілдіру керек.

Себебі жастар кәсіпкерлігінің бүгінгі хал-ахуалын сөз қылғанда, әлі де шешімін таппаған мәселелер ойға оралады. Атап айтсам, жастар кәсіпкерлігін инфрақұрылымдық және ақпараттық тұрғыдан қамтамасыз ету, қаржылай жәрдемдесу, салаға қатысты заңнамалық базаны жетілдіру сынды мәселелер күн тәртібінде тұр. – Қазіргі таңда елімізде кәсіпкерлікпен айналысып жүрген қанша жас бар?

– Кәсіпкерлік саласында жүрген жастардың нақты саны белгісіз және оған санақ жүргізілген емес. Статистикалық деректерге сүйенсек, Қазақстанда 14 пен 29 жас аралығындағы жастар 4,5 миллион адам және ол халықтың 27 пайызын құрайды екен. Ал 18-35 жастағы жастардың саны 5,2 миллионға дейін жетеді. Осы ретте жалпы статистика бойынша жастардың шамамен 20 пайызы өз бизнесін бастауға қабілетті екендігін ескерсек, бұл дегеніңіз үлкен әлеует.

Ал Статистика агенттігінің деректері бойынша 2012 жылғы 1 маусымдағы тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны осы күнге дейін 1 495 976 бірлікті құрады, оның ішінде белсенді жұмыс істейтін субъектілерінің саны – 839 345.

– Кәсіпкерлікті дамыту саласында жұмыс істейтін елімізде институттар жеткілікті. Олардың жас кәсіпкерлерді қолдауы қандай деңгейде?

– Бүгінде кәсіпкерлікті қолдаудың бүтін бір институттары құрылған. Мәселен, Қазақстанның даму банкі, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры, Аграрлық несиелік корпорация және тағы басқа да қорлар мен компаниялар жұмыс істейді. Айта кететін бір жайт, бюджеттік бағдарламалардың операторлары болып табылатын ірі компаниялар жастар кәсіпкерлігін дамытуға аса көңіл аудара бермейді. Өйткені олар негізгі күшті ірі инвестициялық бағдарламалар мен жобаларға жұмсайды.

Жалпы, бізде бизнес орташа деңгейде деп бағаланады. Шетелмен салыстырсақ, орта және шағын бизнестің өндірістік бағыттарда дамуында айтарлықтай өсім жоқ, сала өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігі мен инвестициялық тартымдылығы да төмен. Сондықтан жоғарыда айтылған барлық мәселелерді саралай келе, жастар кәсіпкерлігін дамытуды қайта қарастырған жөн. Яғни қоғам талабына сай бейімделуін қамтамасыз ету керек.

– Өз бизнесін бастағысы келетін кейбір кәсіпкерлер көп жағдайда әкімшілік кедергілердің аз еместігін жасырмайды. Бұдан басқа қандай қиындықтар бар?

– Жалпы, жастар кәсіпкерлігінің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық база жетілдіруді, әкімшілік тосқауылдарды азайтуды, бизнеске салық жүктемелерін төмендетуді, компанияларды ашу рәсімдерін жеңілдетуді, қаржылық және қаржылық емес шаралар түрінде бизнесті кешенді қолдауды жүзеге асыруды қажет ететіндігін атап өтер едім.

Дамыған елдерде жастарды кәсіпкерлікке баулу әу бастан дұрыс жолға қойылған. Халықаралық тәжірибеден үйренетін үрдістер көп. Өзіміздің қолданыстағы тәжірибеден бөлек, осы саланы басым бағыт ретінде ұстанған шет мемлекеттердің жастармен жұмыс істеу жөніндегі өзіндік әдіс-тәсілдерін бізге де енгізіп көруге болады. Мәселен, ондай елдерде алдымен бизнес үдерісінде жас азаматтардың құқығын қорғауды көздейді. Олардың кәсіби дамуына көмектесіп, жастар жобасына қолдау танытады және оларға мол мүмкіндіктер туғызу сынды мәселелерге алдымен көңіл бөлінеді. Сонымен қатар әртүрлі инновациялық қадамдар, тәжірибе мен ғылымның заманауи жетістігі кеңінен пайдаланылады. Біз де толық пісіп-жетілген мұндай тетіктерді зерделеп, одан кейін оны пайдаланудан қорықпауымыз керек және оған кедергі көп деп айта алмаймын. Ал мемлекет тарапынан кәсіпкерлік саласын дамытуда жасалынып жатқан кешенді шараларды осы бағытта үйлестіру керек. [1]

Кәсіпкерлік субъектілері мен мемлекеттің өзара іс-қимылының құқықтық негіздері

1. Азаматтардың, оралмандардың және заңды тұлғалардың мүлікті пайдарану, тауарларды өндіру, сату, жұмысарды орындау, қызметтер крсету арқылы таза кіріс алуға бағытталған, жеке меншік құқығына (жеке кәсіпкерлікке) не шаруашылық жүргізу немесе мемлекеттік кәсіпорынды жедел басқару құқығына (мемлекеттік кәсіпкерлікке) негіздерлег дербес, бастамашыл қызметі кәсіпкерлік болып табылады. Кәсіпкерлік қызмет кәсіпкер атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырады.

2. Кәсіпкерлік қызмет тек Қазақстан Республикасының заңдарымен ғана шектелуі мүмкін.

Кәсіпкерлік субъектілері мен мемлекеттің өзара іс-қимылының қағидаттары:

1. Заңдылық
2. Кәсіпкерлік еркіндігі
3. Кәсіпкерлік субъектілерінің еркіндегі
4. Меншікке қол сұғылмаушылық
5. Адал бәсекелестік
6. Тұтынушылар, кәсіпкерлік субъектілері және мемлекет мүдделерінің теңгерімі
7. Мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы және ақпаратқа қолжетімділік
8. Кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеудің тиімділігі
9. Кәсіпкерлік субъектілерінің өз құқықтары мен заңды мүдделерін өз бетінше қорғау қабілеттігін арттыру
10. Құқық бұзушылықтың алдын алу
11. Кәсіпкерлік субъектілері мен мемлекеттің өзара жауапкершілігі
12. Сыбайлас жемқорлықтан азат болу
13. Кәсіпкерлік қызметті ынталандыру және оны қолдау ең қорғауды ынталандыру
14. Отандық тауар өндірушілерді, жұмыс орындаушыларды, қызмет көрсетушілерді қолдау
15. Мемлекеттің кәсіпкерлік субъектілерінің ісіне заңсыз араласуына жол бермеу
16. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің норма шығарушылыққа қатысуы
17. Кәсіпкерліктің әлеуметтік жауапкершілігін ынталандыру
18. Мемлекеттің кәсіпкерлік қызметке шектеулі қатысуы
19. Өзін-қзі реттеу.

Кәсіпкерлік субъектілері мен мемлекеттің өзара іс-қимылы Қазақстан Республикасында кәсіпкерлікті дамыту және қоғам үшін қолайлы жағдайлар жасауға, кәсіпкерлік бастаманы ынталандыруға бағытталады.[2]

NID компаниясының бизнест дамыту жөніндегі директоры бизнес-тренер Айбек Сыдықовтың айтуынша, жаңа бағдарламалардың басты артықшылықтарының бірі - мамандарды оқыту және қайта оқытуға көңіл бөлінгендігі.

Сонымен қатар еңбек ресурсы көп шоғырланған өңірлердің халқын басқа өңірлерге ерікті түрде көшіру мәселесін де атап өткен жөн. Қаржылай қолдау көрсетуді қолға алу арқылы кәсіпкерлікті дамытуға жаңа қарқынмен кірісті деуге болады.

-Жаңадан іс бастаған кәсіпкерлерге, әсіресе, ауыл шаруашылығы саласындағы жеке кәсіпкерлерге шағын несие беру идеясы бұл бағдарламаның басты артықшылықтарының бірі деп санаймын, - дейді ол.

Жалпы жаңа бағдарлама халықтың барлығын бірдей кәсіпкер етіп шығарады деуге болмайды. Бұл - қиял болар еді. Егер 100 адамның ішінде үш-төртеуі жеке кәсібін дөңгелетіп әкетсе онда Қазақстан әлемдегі дамыған он елдің қатарына қос беруге болар еді. Бұл - әлемдік тәжірибеден туындаған мысал.

Қазақстан шағын немесе ірі бизнес субъектілерінің мемлекеттен қолдау күтіп, қаржылай көмек сұрап отыруы әдетке айналған. Шындығында, мықты бизнес мемлекетке тәуелді болмауға тиіс. Мемлекеттің міндеті бизнестің жұмысын реттеп отыру, түрлі шаралармен қолдау екені түсінікті, әрине. Алайда кәсіпкерлердің билікке қарап алақан жайып отыруы, жеке кәсібін бастай салысымен тапсырыс пен грантқа дәмеленгені дұрыс емес. Өкінішке қарай, біздің кәсіпкерлеріміздің көпшілігі өркениетті бизнес орта құрғысы келмейді, 5-10 жылдан кейін табыс әкелетін бизнеспен шұғылдануға ерінеді, әрі кетсе 1-2 жылда пайдаға кенелгісі келеді, - дейді Айбек Сидиқов.

Оның айтуынша кәсіпкерлер өздерінің атақ беделдерін қалыптастыруға, мүдделі болуға тиіс. Бұл орайда, отандық кәсіпкерлерге шетелдік әріптестерінен көп нәрсе үйрену керек. Бизнес пен кәсіпкерлік дегеннің өзі дайын асқа тік қасық болу емес, тәуекелдерге

дайын болуды талап етеді. Ал біздің халық көп қиналмай ақша табуға бейіл. Кәсіпкер атанып жүргендердің көпшілігі бұған дейін осылай жұмыс істеп келгенін де жасыруға болмайды. Алайда, жаһандық экономикалық дағдарыс, ел экономикасында болып жатқан өзгерістер қазір ондай әрекетке мүмкіндік бермейді.

Халық қалғып-мүлгіген күйден оянып, енді еш нәрсе бұрынғыдай болмайтынын түсіну керек. Жаңа дәуір келді, жаа талаптар туындады. Еліміз жаһандық экономикамен ықпалдасқысы келсе, сол талаптарға жауап беруге тиіс. Яғни, оған отандық кәсіпкерлер де бейімделуге міндетті. Оғпн мемлекет те қолдау көрсетіп отыр, - дейді бизнес-тренер.

Кәсіпкерлердің пайымдауынша, жаңа бағдарлама тиімді жүргізілген жағдайда елімізде тұтынушылық менталитет емес, кәсіпкерлік менталитет қалыптасып, жаңа көзқарастағы ұрпақ өсіп шығады. Осылайша, бірнеше жылдың ішінде бизнес пен кәсіпкерлік дамыған елге айналуға мүмкіндік туады. Сонда ғана қазақтың Джобс, Гейстері пайда болуы мүмкін [3].

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Ғаламтор желісінен: http://old.aikyn.kz/index.php?option=com_content&task=view&id=18252
2. ҚР Кәсіпкерлік кодексі 2015 жыл 29 қазан №375-V ҚРЗ
3. Егемен Қазақстан газеті №47 7наурыз, 2017жыл

УДК 334.1.4

«МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ ТУРАЛЫ» ЗАҢЫНЫҢ ОРТА ЖӘНЕ ШАҒЫН БИЗНЕСТІ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚОЛДАУДАҒЫ РӨЛІ МЕН МАҢЫЗЫ

Бейсенов Мұхтар Серікұлы

beisenovms@gmail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан ҚҚ-33 тобы студенті

Научный руководитель-И.С. Сактаганова

ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» атты мақаласынан: «ЭЫДҰ елдерінің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, табысты жұмыс істеп тұрған экономиканың маңызды қағидаты мемлекеттің шағын және орта кәсіпкерлікті қолдауы, оны қорғаудың тиісті деңгейін қамтамасыз ету болып табылады [1].

Кез келген елдің экономикасының негізі - шағын және орта кәсіпкерлік. Дамыған елдердің тәжірибесіне сүйенетін болсақ, шағын және орта кәсіпкерлікті қалыптастыру мен дамыту елдің экономикасын көтеруде маңызды орынға ие.

Осы аталған шағын және орта бизнес ұғымы кәсіпкерлік қызмет санатынан туындайтындықтан, осы күрделі феноменнің мәніне қысқа болса да шолып өту маңызды.

Экономикалық әдебиетте кәсіпкерліктің мәні туралы ой толғаудың бастамасын ғалым-экономист А. Монкретьеннің (1576-1621) атымен байланыстырады. Ол XVII ғасырдың өзінде-ақ «Саяси экономия трактаты» атты басты еңбегінде түрлі жұмыстарды іске асыру мақсатында монархпен келісімшарт жасасатын адамды белгілеу үшін «кәсіпкер» ұғымын пайдаланған және бастауыш кәсіпкерге бірқатар ұсынымдар берген [2, 6 б.].

Алайда кәсіпкерлік феноменіне қатысты деректерді ежелгі грек философтары мен ғалымдарының еңбектерінде кездестіруге болады. Атап айтқанда, Аристотель (б.ғ. дейін 384-322 жж.) кәсіпкерлердің қызметтерінде жеке басының табысы үшін әрекеттерін тиімсіз деп санады. Ол мұны табиғи қоғамдық құрылыстың бұзылу себебі деп білді [3].

Көптеген ғалымдар кәсіпкерлік тұжырымдамасы толықтығының алғашқы авторының рөлін француз экономисті және шығу тегі ирландық банкир Р. Кантильонға (1680-1734) береді. Оның пікірінше, кәсіпкер – тәуекел жағдайларда әрекет ететін адам. Р. Кантильон